

*Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ*

2020-2021 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық қорытынды есебі

Дайындаған: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Түркстанова

*Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ*


2020-2021 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық қорытынды есебі

1. ҚР үздік білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы бойынша жасалынған жұмыстар

Басшылыққа алуға қабылданған аймақтық кешенді тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы	Алынған нәтиже	Тиімсіз тұстары
	Тиімді тұстары	
ҚР үздік білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы	«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ – сі 2020-2021 оқу жылын 350 оқушы, 21 сынып комплексімен бастады. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері: Оқушылардың рухани адамгершілік қасиеттерін, Қазақстандық патриотизмді және жалпыұлттық идеяны жүзеге асыру ұмтылысын қалыптастыру. ҚР Конституциясын басшылыққа алып құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту, жастар арасында қатыгездік пен күш көрсетуге ымырасыз болуға, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүре білуге, сапалы біліммен қамтамасыз ету, азаматтық- патриоттық сананы қалыптастыру. ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздемеге сәйкес 2020-2021 оқу жылындағы тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жасалды. 1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие. Алғашқы сабақ. 1- қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиыны Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты әр сыныпта онлайн форматта болды. Алғашқы қоңырау онлайн форматта сынып сағаты ретінде өткізілді. Сынып жетекшілердің жасаған бейнероликтерімен оқушыларды білім күнімен құттықтады. «Қазақстан – бейбітшілік орталығы» тақырыбында қазақ тілі пән мұғалімдері эссе жазу ұйымдастырды. Мақсаты: оқушылардың білім деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу. Сынып жетекші Бактыгүл Еңсегенова желтоқсан айында онлайн форматта «Тәуелсіздік тірегім» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Ашық тәрбие сағаттың мақсаты оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішінде жеткен жеңістерімен таныстыру, әлем таныған ел екенін дәлелдеу, білімдерін кеңейту. Сабақ көрнекілігінде қазақ елінің суреттері, ҚР рәміздері, желтоқсан құрбандары суреттері болды. Оқушылар өз ойларын айтып белсене қатысты. 10 сыныпқа «Мәңгілік ел – менің елім» тақырыбында ашық тәрбие сағаты болды. Ашық тәрбие сағаты «Қазақстан – 2050. Мәңгілік ел» бейнеролигімен ашып, әңгімелесу, сұрақ-жауап, талдау, түсіндіру әдісі арқылы тәрбие сағат жақсы	

деңгейде ұйымдастырылды. 4 «ә» сынып оқушыларына «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» тақырыбында ашық тәрбие сағаты болды. Мақсаты: Оқушыларды отансүйгіштік, адамгершілік тәрбиесі арқылы ел рәміздерінің мемлекеттік мәртебесін арттырып, қастерлеуге тәрбиелеу. «Тарих толқынында» айдары бойынша сынып жетекшісі Р.Жолдыбаева слайд арқылы рәміздер тарихымен таныстырды. Оқушыларға Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық заңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері - Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Гимн, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері болып табылатынын кеңінен түсіндіру. Қазақстанда туып – өскен әрбір азаматты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін, Ата Заңды қадірлеуге, Отанын сүюге, тілді, дінді берік ұстауға, қастерлеуге, сыйлауға үйрету, Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту мақсатында жүргізілді.

Мемлекеттік рәміздерді қолданылуы мен насихаттау бағытында іс шара жоспары жасақталып, соған орай жұмыстар атқарылды. Мектеп оқушыларына ҚР-ның рәміздерінің тарихымен, авторларымен, құрылу кезеңдерімен таныстырылып өтілді. Біздер тәуелсіз қазақ елінің жасұландарымыз. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді әкелер мен аталарымыз сияқты қадірлеуге, рәміздерін сүюге, сыйлауға тиіс екенімізді естен шығармайық дей отыра интерактивті тақта арқылы жасалынған слайдтан ҚР – ның Рәміздерін, Ата Заңын, тілін, дінін, Елбасын т.б. қадір тұтатын жұмыстар көрсетілді. Оқушылар өздері салып келген ҚР рәміздері туралы суреттерін көрмеге қойды. Пән мұғалімдері 1 – сабақтарын ҚР – ның Гимнмен бастап, оқушылардан ҚР- ның Рәміздері туралы сұрады. Мектеп кітапханашылары мен тарих пәнінің бірлестігі «Қазақстан Республикасының - Рәміздері» тақырыбында стенд көркемдеді. Сонымен қатар сынып жетекшілер «Қазақстанның Мемлекеттік - Рәміздері» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Қазақ тілі пән мұғалімдері 8 сынып оқушыларынан «Рәміздерім - мақтанышым» тақырыбында эссе алынды. Бастауыш сыныптың сынып жетекшілері ҚР – ның Рәміздерінің тарихымен таныстырып сабақ барысында баяндама оқылды.





ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мереклеу аясында 4 маусым – ҚР Рәміздері күніне орай іс шаралар жоспарына сәйкес «Тәуелсіздік Рәміздері», «Тәуелсіз елдің - нышандары» атты кітап көрмесі, «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» танымдық сағат, «Менің Туым, Менің Елтаңбам, Менің Гимнім» сурет көрмесі, «Еліміздің мемлекеттік рәміздері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.





2. Рухани - адамгершілік тәрбие

Оқушының рухани – адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыру мақсатында «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» атты қазан айында ашық тәрбие сағатын өткізді. «Ұстаз үлгі, өнеге ұлағатым» атты 11 сынып оқушылары шағын мерекелік құттықтау ұйымдастырды. Мектеп тәлімгері М.Тітірбаева 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне «Ел таңдаған Елбасы» тақырыбында бейнероликтер жасақталды.

«Алғыс айту» күніне орай мектеп оқушылары ата – аналарына, Ұстаздарға, құттықтау видеоларын жолдады. Мерекелік шараларда демеушілік білдіріп, оқушыларға сый – сияпат көрсетіп жүрген демеуші Наздан Жолдасоваға, 6 сынып оқушысы Жарылғасын Диасты тәрбие беріп, қамқорлығына алып жүрген қамқоршысы Толғанай Мерешоваға мектеп директоры атынан алғыс хаттар жолданды.

Мектептің әлеуметтік педагогы «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» атты қайырымдылық акция ұйымдастырды. Қайырымдылық акцияның мақсаты өскелең ұрпақ арасында мейірімділік, қамқорлық сезімін қалыптастыру, әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсету, достық, бірлікті нығайту.

Сынып жетекшілер өз сыныбында «Алғыста шек болмайды» атты танымдық сағат өткізді. Оқушылардың жанұяға, ата — анаға, үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынастарын дамыту. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір — бірімен үйлесімді қарым — қатынас жасай білуге үйрету. Айтылған мақсаттарды негізге ала отырып әр сыныпта танымдық сағат болды.

«Алғыс жүректен шығады» атты Әдеби марафон, «Алғыс білдіру – ең асыл сөз!» кітап көрмесі, «Жүрек бояуларымен сурет саламыз» атты Сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылардың дайындаған бейне роликтері мектептің әлеуметтік желісіне салынды. Дарынды оқушылармен «Кімге алғыс айтар едіңіз?» атты Пікірталас ZOOM платформасы арқылы өтті.





«Тәуелсіздік ұландары» атты салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиынға бітіруші түлектер мен ата аналар мен сынып жетекшілер қатысты.





3. Ұлттық тәрбие.

Тұлғаның адами және ұлттық құндылықтарды ұстана отырып, қазақ халқының тілін, дәстүрлерін мойындауға, ұстануға жетелеу мақсатында 5 қыркүйек Халықаралық «Тілдер күніне» орай тәлімгер видеоролик дайындап, челендж жариялады. Ана тілін құрметтеу аясында, «Ана тілің арың бұл өлең оқу сайысы» видеоролик жолдау арқылы сайыс ұйымдастырылды. Сынып жетекшілер «Тіл – достық көпірі» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. 9 сыныптың сынып жетекшісі Қ.Халиманова «Ұлттық тәрбие – ұлағат көзі» атты ашық тәрбие сағат өткізді. Оқушылар дәстүр тарихы бойынша мағұматтар айтты. Әндер орындалып, ұлағатты сөздер айтылып, ұлттық бұйымдар көрмесі көрсетілді. «Жол ережесін білейік, аман есен жүрейік» тақырыбында оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстырылды. Оқушыларға билет сұрақтары жасақталып, топқа бөлу әдісі арқылы жүргізілді. Қазақтың ырым және тыйым сөздерінің мән – мағынасын түсіндіру аясында «Қазақтың ырымдары мен тыйым сөздері» сөзмерген ұйымдастырылды.

«Амал келді жыл келді» мерекелік құттықтаулар мен сынып сағаттары болды. Оқушылар видео роликтер жолдап, құттықтау лебіздерін жеткізді. «Қош келдің, өз Наурыз» атты мерекелік кеш болды. Халық әндерін орындап, салт дәстүрден көрініс қойып, қазақ биін билеп, ұлттық ойындар ойналды.

4. Отбасы тәрбиесі.

13 қыркүйек отбасы күніне орай әлеуметтік желілерге видеороликтер салынды. Наурыз айында 11 сынып оқушыларына «Ана дейміз, бәріміз де жарқылдап» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. «Ана деген – тіршіліктің тірегі» халықаралық әйелдер күніне арналған құттықтау болды. 11 сынып оқушылары аналарға ән шырқаса, енді бірі би билеп, өлең оқып, өздерінің ыстық ниеттерін білдірді. Ж.Мұңалбаева «Менің сүйікті отбасым» тақырыбында 3 сыныпқа ашық тәрбие сағатын өткізді.

Оқушылар белсене қатысып, отбасы суреттерін жинап, видео жасап, челлендж жасақтады.



5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Қараша айында «Экология және біз» атты сурет көрмесін ұйымдастырды. «Маңғыстау – туған өлкемнің табиғаты!» тақырыбында кітап көрмесі болды. Көрмеде Маңғыстау ақын – жазушылардың шығармалары топтасқан, кітаптары көрмеген қойылды. «Маңғыстау» энциклопедиясы таныстырылып баяндама оқылды. Өлкеміздің тарихынан сұрақтар қойылып, кітапхана оқырманы болуға шақырды. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып, шеберліктерін шыңдау мақсатында «Бейнелеу», «Тоқыма», «Шебер қолдар» үйірмелері ашылды. «Балаларға ядролық қарусыз болашақ үшін» экологиялық акция ұйымдастырылды.

«Шебер қолдар» үйірмесі табиғи бұйымдардан жасалған жұмыстарын көрмеге ұсынды.

Көрмеде жіптен, жүннен, матадан, мақтадан , дәнді дақылдардан , фетрдан жасалған бұйымдар көрсетілді.

Атап айтар болсақ: үйірме оқушыларының жасалған жұмыс түрлері

1.«Құс ұясында»

Жіптен жасалған құс. Бұтақтардан және мақтадан жасалған ұя

2. «Жүннен жасалған композиция»


Боялған жүндерден киіз басу әдісін пайдалана отырып, әдемі бейне жасау.



3. «Фетрдан жасалған ойыншықтар»

Түрлі – түсті фетрдан жасалған жемістер мен көкөністер және көліктер.

4. «Матадан жасалған қуыршақтар» Жұмсақ маталардан қуыршақтар тігілді




5. «Көбелек»

Дәнді дақылдардан желімдеп жасалған көбелек бейнесі.

«Табиғат көрнісі» Бұтақтар мен жапырақтардан табиғат бейнесін жасау.





Адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы негізгі идеяларды, экологиялық мәдениетті, салауатты өмір салтын, экологиялық проблемаларды түсіну негізінде және жеке қасиеттер ретінде моральдық экологиялық жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында 26-30 сәуір күндері экология апталығы өтті. Экология апталығы аясында 7-8 сынып оқушылары «Жер ана тынысы» тақырыбында фотосуреттер және суреттер салды. 9-11 сынып оқушылар арасында ребустар, кроссвордтар, жұмбақтар жасау, "Табиғатпен үйлесімді өмір сүру" экологиялық викторинасы ұйымдастырылды. Мектеп кітапханасы "Табиғат туралы не білеміз?" тақырыбында кітаптар көрмесін ұйымдастырды. 5-6 сынып оқушылары "Табиғат аясындағы Мен!" тақырыбында пікірталас, Халықтық нанымдар, жұмбақтар, табиғатқа ұқыпты қарау туралы мақал мәтелдер айтып, көркем сөздер оқыды. Экология апталығы аясында 3-4 сыныптар арасында "Мен табиғатты аялаймын", "Біздің аймақтың табиғатына қамқорлық", "Бұл әлем қандай әдемі!" тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Экология апталығының екінші күнінде 2 сынып оқушылары "Біздің үйдің жануарлары" тақырыбында суреттер салып, видео роликтер жасады.

6. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие

«Өлеңге әркімнің – ақ бар таласы» атты онлайн мәнерлеп оқу сайысы болды. Оқушылар Жергілікті ақын – жазушылардың шығармаларынан үзінді оқыды. «Әдептілік – әдемілік белгісі» атты сәуір айында ашық – тәрбие сағаты болды. Сабақ «әдептілік» шаттық шеңберімен басталып, «Жалғасын тап» және «Жақсы бала қандай?» ойынындары ойнатылды. Музыка жетекшісі Дариға Дүзелбаева онлайн форматта «Сағындырған әндер – ай» тақырыбында ән байқауын ұйымдастырды. Сайыста Оқушылар әндер айтып,

күйлер орындап өнерлерін көрсетті. Байқау соңы қорытындыланып, жүлделі орындармен марапатталды. Ат салысып қатысқан оқушыларға марпаттау қағазы табысталды.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет эстетикалық тәрбие.

Мектептің тәрбие жөніндегі орынбасары Ш.Түркстанова «Бала құқығы асыл қазына» тақырыбында жоғарғы сынып оқушыларына баяндама оқыды. Тарих пәнінің мұғалімі Жантілеуова Бақыт интеллектуалды ойындар ұйымдастырды.



«Мен қандай түсті ұнатамын» Мектеп психологы Ж.Ауанова суреттер сөйлейді айдарын өткізді. Тәлімгер қаңтар айында «Білгірлер мен тапқырлар» онлайн сайыс өткізіп, оқушылар сұрақтарға жауап беріп, білімдерін байқады. «Ауылым алтын бесігім» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. 6 сынып оқушылары ақын – жазушылардың ауыл туралы өлеңдерін мәнерлеп оқып, мақал мәтелдер айтып, әндер орындалды.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мектеп медбикесі Г.Майлыбаева «Темекі тартпаған – денсаулықты сақтаған» тақырыбында темекінің зияны туралы жоғарғы сынып оқушыларына баяндама оқыды. Қаңтар айында 5-7 сынып оқушылары арасында «Мәңгілік ел және салауатты өмір» спорт жарысы өтті. Сайысқа әр сыныптан 5 оқушы қатысты. Сайыс барысында оқушылар қол күресі, арқан тартыс, секіргішпен секіру, эстафеталық жүгіру кезеңдерінен сайысты. Сайыс соңы қорытындыланып, орындармен марапатталды. Сәуір айында «Көңіл күй және денсаулық» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында спорттық жарыс өтті. Жарыс топқа бөлу арқылы және А.Орынбаевтің түсіндіру ережемен жүргізілді. Жарыс әділ әрі тартысты өтті және қызықты болды.

3. “Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудағы іс- шаралар есебі.

Жасалынған жұмыстардың қорытындысы

“Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудағы іс- шаралар негізінде жыл басынанбері жоспарға сәйкес түрлі шаралар өтті. Күркүйек айында оқушыларды кітап оқуға шақыру және қызығушылығын арттыру мақсатында 5-7 сынып оқушыларына «Кітап асыл қазына атты кітапханаға саяхат өткізілді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарлама аясында латын әліпбиінде жазу акциясы өтті. Акция барысында мұғалімдер мен оқушылар аудио тыңдау арқылы диктант жазып, жұмыстар тексеріліп, сараптама жасалынды.

Қараша айында «Менің сүйіеті кейіпкерім» эссе байқауы болды. «Табиғат бейнелері» сурет салу көрмесі өтті.



Қараша айында «Ұлттық тәрбие – ұлағат көзі» атты ашық – тәрбие сағаты А. Молбаеваның ұйымдастыруымен 8 «Ә» сынып оқушыларына өтті. Жақсы көңіл күй қалыптастыру мақсатында сабақ «Сарарқа» күйімен басталды. Пезиденттің рухани жаңғыруға арналған алты жобасына тоқталып, топтық тапсырмалар орындады. Мақал – мәтелдер және атадан қалған асыл сөздер деп оқушылар тыйым сөздер айтылды. Өлең оқылып, туған жерді қадірлеу мақсатында көрініс көрсетілді.



Нормативтік құжаттар,
семинарлар, тренингтер

Проблемаларды
және оны шешу
жолдары

	Қаңтар айында 5-7 сынып оқушылары арасында «Ұлттық ойын сайысы» өтті. Сайысқа әр сыныптан 5 оқушы қатысты. Сайыс барысында оқушылар қол күресі, арқан тартыс, секіргішпен секіру, эстафеталық жүгіру кезеңдерінен сайысты. Сайыс соңы қорытындыланып, орындармен марапатталды. «Қазақтың ырым тыйым сөздері» сөзмерген жарысы ұйымдастырылды. Нақыл сөздер мен мақал – мтелдер айтылды. Сайысқа екі топ қатысып, тас қақпа, күміс қақпа және алтын қақпа кезеңдері бойынша сұрақтарға жауап берді. Сайыс соңы екі топ еңбек және білім туралы мақал – мәтел айтып жарысты. Сайыс соңы қорытындыланып, орындармен және белсене қатысқан оқушылар марапатталды. «Рухани жаңғыру– қоғамдық сананы жаңғырту» тақырыбына тәрбие жөніндегі орынбасардың ұйымдастыруымен жоғарғы сынып оқушыларына дөңгелек үстел өтті.	

4. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру бағытындағы шаралардың қорытынды есебі

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	Қыркүйек айында халықаралық тілдер күніне орай оқушылар видеоролик дайындады. Қатысушы оқушылар туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншіліктің бала кезден басталатындығын жеткізді. Тілді қастерлеу, оны заман ағымына сай қолдау аясын кеңейту, мәртебесін асқақтату, қазақ тілінің әлем тілдерімен бәсекеге қабілетті болуы жастардың қолында екендігі жайында ортаға салды. «Ана тілің арың бұл» тақырыбында өлең оқу сайысы өтті. Сайыста оқушылар әдебиет пәні бойынша сұрақтар беріліп, өлеңдердің жалғасын тауып, жатқа оқып, тосыннан тапсырмалар орындау бөлімдері бойынша бақтарын сынады. 10 сыныпта Қ.Махмұтова «Мәңгілік ел – менің елім» тақырыбында ашық – тәрбие сағатын өткізді. Оқушылар үш тілде амандасумен сабақты бастап, топтарға бөлініп, топтық жұмыстар орындады. Тақырыптың мазмұнын ашуға жетелеу мақсатында бейнеүзіктер көрсетілді. Одан соң диалог әдісі бойынша ой қозғау мақсатында оқушыларға сұрақтар қойылды. Шығармашылық жұмыс жасап оқушылар өз белсенділіктерін көрсетті.	

5. Діни экстремизмге және лаңкестікке қарсы күрес туралы өткізген іс – шаралар есебі.

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	2020-2021 оқу жылына арналған діни экстремизмнің алдын алу бағыты бойынша іс– шара жоспары жасақталды. Қыркүйек айындағы отырыста тәрбие жөніндегі орынбасар «Діни экстремизмнің алдын алу» бағыты бойынша іс– шара жоспарымен таныстырып өтті. Осы бағытта жұмыс жасаудың басты мақсаты оқушыларды жамандықтан жирендіре отырып, жақсылыққа баулу. Әлеуметтік желілердегі	

түрлі ағымдарды насихаттайтын сайттарға кіріп, ондағы түрлі жағдайларды дұрыс деп қабылдап, соның жетегінде кетпеу үшін, жастарға діни экстремизмге қарсы күрес жолдары туралы ақпарат беру. Мектебімізде намаз оқитын оқушыларды анықтау мақсатында рейд жүргізілді. Рейд нәтижесі бойынша намаз оқитын оқушы анықталған жоқ. Қазан айында құқық пәні мұғалімі «Терроризмге қарсы әрекет жөніндегі» заң бойынша оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында әр сыныпта сынып сағаттарында оқушыларға сынып жетекшілерімен бірге отырып түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырды. Мектеп психологі қараша айында оқушылардың көңіл– күйін көтеру, болашаққа тілек айту мақсатында тренинг өткізді. Оқушыларға түрлі ойындар ойнатып, бір– біріне әрқашан көмектесуге, жақсы тілек айта білуге шақырды. Дінтану пәні мұғалімі «Мен және менің дінге көзқарасым» тақырыбында және оқушыларға өмірде дұрыс жолды таңдауға көмек беру мақсаттарында оқушыларға кеңестер беріп, сауалнама жүргізді. 1 «а» сыныбында «Әдептілік әдемілік белгісі» тақырыбында жетекшісі А.Тағанованың ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаты өтті. Сабақ күн бейнесі тренингімен басталды. Бейнекөрсетілімдер көрсетіліп, оқушылар суреттерге қарап мағынасын ашты және топтық тапсырмалар орындады. Ән айтылды.



6. ҚР “Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы бойынша жүзеге асырылған жұмыстар есебі.

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
ҚР “Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың	Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жасалған жұмыстардың ақпаратын баяндама түрінде жолдаймыз.	

профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы	Жергілікті құқық қорғау орган қызметкерлерімен бірлескен жоспар бекітілді. Мектеп оқушыларының құқық қорғау ұйымының қызметкерлерімен кездесуін тоқсанына 1 рет ұйымдастырылды. Жалпы мектеп оқушыларымен жиналыс өткізілді. «Түнгі қаладағы балалар» профилактикалық іс шарасы ұйымдастырылды. Оқушылардың қызығушылығына байланысты үйірме, спорт секцияларына, факультативтерге тарту жұмыстары жүргізілді. Сабақтан себепсіз жиі қалатын оқушылардың мәліметін алып, апта сайын қорытынды жасалды. Қайырымдылық акциясын ұйымдастырылды. Мұғалімдерден құрылған мектеп кезекшілігінің жұмысын қадағаланып отырылады. Мұғалім мен ата-ана арасындағы байланысты қалыптастыру, ата – аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында ата – аналар жиналысы болды. Суицидтің алдын алу мақсатында мектеп психологы біршама жұмыстар атқарылды. Құқықтық оқуға байланысты сынып жетекшілерімен бірігіп сынып сағаттары жүргізілді. Зорлық – зомбылық фактілерін анықтау мақсатында «Сенім жәшігі», «Сенім телефоны» жұмыстарын жүргізді. Нашакорлық және токсикологиялық зардаптарды қолданбау барысында рейдтер ұйымдастырылды. Оқушылардың кешкі қозғалысын қадағалау мақсатында рейдтік шаралар ұйымдастырылды. Жасөспірімдер арасында ішімдіктің, темекі шегудің алдын алу бағытында мектеп психологы және медбикемен бірлесе отырып жұмыс жасалды. Оқушылардың каникул мезгілдерінде бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында іс – шаралар жоспарын жасақталды. Құқық пәні мұғалімдері «Баланың құқығы мен міндеттері» лекция оқылды. «Соңғы қоңырау» мерекесі күніне рейд ұйымдастырылды. Жазғы демалыс лагеріне оқушыларды жинақтау. «Қазақстан балалары – жазды қуанышқа толтырайық!» демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жоспары құрылып, жасақталды. Жасақталған жұмыс жоспары ата – аналарға хабарланды. 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бақытты бала – бақытты ел» атты іс – шара жоспарына сәйкес біршама жұмыстар жасалды. «Бақытты балалар бейбіт елдің тірегі» кітап көрмесі, «Көңілді мәре» спорттық ойын, «Бақытты балалық шақ» атты асфальтқа сурет салу «Көңілді сәт» тринг, «Әлем балалар көзімен» атты сурет салу ашық сабақ «Мен оқимын, ойнаймын, ойлаймын!» Зияткерлік сайыс «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» мерекелік кеш ұйымдастырылды.	
--	---	--






7. Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес, оның алдын алу шаралары бағытында жүргізілген жұмыстардың қорытындысы

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	2020-2021 оқу жылына арналған оқушылар арасында есірткінің, нашақорлықтың алдын алуға бағытталған жылдық жұмыстың жоспары жасақталып бекіту мақсатында жиналыс өтті. Жиналысқа тәрбие жөніндегі орынбасар, тәлімгер, сынып жетекшілер, оқушылар, мектеп медбикесі қатысты. Жиналыста тәрбие жөніндегі орынбасар есірткінің алдын алуға бағытталған іс – шараның мақсатын айта кетіп, оқушылардың жаман әдеттен бойын аулақ ұстауын айтып өтті. Мектеп медбикесі Г.Майлыбаева темекінің зияны туралы жоғарғы сынып оқушыларына баяндама оқыды. «Нашақорлық – қауіпті індет, алдын алу – міндет» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында баяндама оқылды. Денсаулығыңызды жетілдіру және қалыптастыру үшін дені сау болуды үйрену маңыздылығын және зиянды заттарды қолданудың кесірі туралы оқушыларға түсіндірілді. Мақсаты:	

	қоғамдағы негізгі мәселеге айналып, ғасыр дерті атанып кеткен есірткінің жазылмас дерт екенін түсіндіріп, жасөспірімдер ағзасына зиянды әсерлері туралы оқушыларды ақпараттандыру.	
--	--	--

8. Ата– аналар кеңесінің жұмысы туралы есебі

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	Қыркүйек айында «Отбасы бақыт мекені» Республикалық апталық өтті. Сыныптарда отбасы – бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «мен отбасымды мақтан тұтамын», « Мен отбасымды жақсы көремін» тақырыптарында 5-6 сыныптап арасында көрмелер ұйымдастырылып, «Тәрбие тал бесіктен басалады» тақырыбында 9 сыныптарда дөңгелек өткізілді. 7-8 сыныптар арасында отбасылық эстафета өткізіліп, жүлделі орындар мен белсенді қатысқан оқушылар да марапатталды. «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, мектебімізде оқитын аз қамтылған, көп балалы отбасындағы балаларға оқу құралдары мен мектеп формалары арып берілді. «Отбасы – өмір аясы» тақырыбында мерекелік кеш өткізіліп, апталық қорытындыланды. Қараша айында қыздар ұйымының жетекшісі А.Набиханова ата – аналардың оқушыларға қаншалықты көңіл бөлетіндігін анықтау мақсатында «Сіз қандай ата – анасыз?» тақырыбында ата – аналардан сауалнамалар алды. Мамыр айындағы жылдық қорытынды ата– аналар жиналысы онлайн форматта болды. Жиналыста «Баланың дамуындағы ата– ананың рөлі» тақырыбында тәрбие жөніндегі орынбасар баяндама оқыды. Сынып жетекшілер оқушылардың жылдық қорытынды есебін жүргізді. 	



9. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау бағытында жасалған жұмыстар қорытындысы

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	2020-2021 оқу жылына ҚР мемлекеттік рәміздерді насихаттау бағытында іс– шаралар жоспары жасақталды. «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық абырой» тақырыбында тәрбие жөніндегі орынбасар дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: мемлекеттік рәміздер туралы оқушылардың білімдерін тереңдете отырып, саяси сауаттылығын арттыру, рәміздердің маңыздылығын ұғындыру. Желтоқсан айында 3 «а» сыныпта Р.Жолдыбаева «Мемлекеттік рәміздер ұлттық мақтанышымыз» атты ашық – тәрбие сағатын өткізді. Алдымен әнұран орындалып, мерекелік кешке жалғасқан тәрбие сағатында оқушылар жан жақты онерлерін көрсетті. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі аясында 4 маусым – Қазақстан Республикасының Рәміздері күніне орай іс – шаралар жоспарына сәйкес, «Тәуелсіздік Рәміздері», «Тәуелсіз елдің - нышандары» атты кітап көрмесі, «Мемлекеттік рәміздер- ұлттық мақтанышымыз» танымдық сағат, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін кеңінен насихаттау мақсатында "Еліміздің мемлекеттік рәміздері" тақырыбында дөңгелек үстел, «Менің Туым, Менің Елтаңбам, Менің Гимнім» сурет көрмесі ұйымдастырылды.	

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс– шаралардың қорытындысы

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	2020-2021 оқу жылына арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жоспары жасақталып бекіту мақсатында жиналыс өтті. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тәрбие жөніндегі орынбасар айтып өтті. Іс – шара жоспарымен таныстырып өтті. Негізгі мақсаты мен міндеті: әр адамның заңды мүделері мен еркіндіктерін, құқықтарын сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жол бермеу жөніндегі нормативтік– құқықтық базаны жетілдіру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс– әрекеттердің формаларын, әдістері мен құралдарын оңтайландыру. Мектепшілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында оқушылар ынтымақтастығын кеңейту және жаңғырту. Қыркүйек айында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңның негізгі ережелерін түсіндіру жұмыстары бойынша жиналыс өтті. Сынып жетекшілер де өз ойларын ортаға салды. Сынып жиналыстарында, ата – аналармен өткізген жиналыстарында да осы мәселелер жөнінде айтып отыратынын айтып өтті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында жоғарғы сынып	

оқушыларына адалдық сағаттары өткізілді.	
--	--

11. Өз– өзіне қол жұмсау бағытындағы жасалған жұмыстардың қорытынды есебі

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	Мектебімізде психологтың 2020-2021 оқу жылына арналған «Жасөспірімдер арасында өз – өзіне қол жұмсаудың алдын алу» мақсатында жүргізілген жұмыстардың жылдық жоспары жасақталып бекітілді. Максаты: Суицид дертін болдырмау және алдын алу. Міндеттері: Суицидке бейім балаларды анықтай отырып, оларға психологиялық көмек көрсету, сынып ұжымында жайлы атмосфера қалыптастыру. Суицид туралы ойдан аралту жолдарын жасау. Оқушылар мен жастар арасында өзіне – өзі қол жұмсау әрекеттерін алдын алу шаралары тақырыбында жыл бойы ақпараттандыру , кеңес беру жұмыстары жүргізіліп отырды. Сонымен бірге «Депрессия мен мазасыздандырудан қалай арылуға болады?» және « Реніштен арылу жолдары» тақырыптарында психологиялық сабақтар жүргізілді. 7- сынып оқушыларына “Дәл мен бүгін мен бақыттымын» , 6-сынып оқушыларына «Бақытты елдің балғындарымыз» тақырыптарында тренинг өтті. «Суицид қайдан шығады?» атты баяндамасын жоғарғы сынып оқушыларының ата – аналарына ата аналар жиналысында мектеп психологы оқыды. Баяндаманы талқылап ата- аналар өз пікірлерін ортаға салды.	

Мектеп директоры:

Ж.Избасаров